

## Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 306 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда № 16954 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 29-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев

2018 жылғы 11 мамыр

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 3 мамырдағы  
№ 306 бұйрығымен  
бекітілген

## **Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 29-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу (бұдан әрі – тізілім) тәртібін айқындайды.

### **2-тарау. Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу тәртібі**

2. Осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кодекстің негізінде жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген мемлекеттік орган тізілімді жүргізуді жүзеге асырады.

3. Тізілімге жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беру күні, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеу күнінің мәліметтері енгізіледі.

4. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату немесе жарамсыздығы туралы мәліметтер Кодекстің 33 және 34-баптарында көзделген негіздер бойынша жер қойнауын пайдалануға берілген лицензия тоқтатылған немесе жарамсыз деп танылған күніне енгізіледі.

5. Лицензияларды беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген грамматикалық немесе арифметикалық қателерді, қателесіп жазуларды немесе басқа да осыған ұқсас қателерді түзету туралы мәліметтер қателерді түзеткен күні енгізіледі.

6. Тізілім мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның түрі;

2) операциялардың кіші түрі (жер қойнауының кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар бойынша);

- 3) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның нөмірі мен күні;
- 4) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның мерзімі;
- 5) жер қойнауы учаскесі аумағының шекаралары;
- 6) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беру негізі;
- 7) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген мемлекеттік органның атауы;
- 8) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия берілген тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, азаматтығы; заңды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 9) жер қойнауын пайдалану құқығының ортақ иелері болып табылатын тұлғалар үлестерінің мөлшері туралы мәліметтер;
- 10) жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы, ұйымдар және тұлғалар туралы мәліметтер: өздеріне (өзіне) тиесілі бақылау тәсілі мен нысаны; жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), азаматтығы; заңды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жер;
- 11) жер қойнауын пайдалану құқығына қатысты тіркелген ауыртпалық туралы;
- 12) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер (енгізілген өзгерістердің негізі мен сипаттамасы, өзгерістер енгізілген күні);
- 13) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияларға енгізілген түзетулер туралы мәліметтер (түзетулер сипаттамасы);
- 14) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялардың қолданылуын тоқтау немесе жарамсыздығы туралы мәліметтер.

7. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияларды берген мемлекеттік орган өз интернет-ресурсында тізілімді орналастыруды және тиісті мәліметтер өзгертілген күні интернет-ресурста орналастырылған тізілімді жаңартуды жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдалануға  
берілген лицензиялардың тізілімін  
жүргізу қағидаларына қосымша  
нысан

## Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялардың тізілімі

№	Ж е р қойнауын пайдалануға арналған лицензияның түрі	Операциялардың кіші түрі (жер қойнауының кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар бойынша)	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның нөмірі мен күні	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның мерзімі	Ж е р қойнауы учаскесі аумағының шекаралары	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беру негізі
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Ж е р қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген мемлекеттік органның атауы	Ж е р қойнауын пайдалануға арналған лицензия берілген тұлға туралы мәліметтер	Ж е р қойнауын пайдалану құқығының ортақ иелері болып табылатын тұлғалар үлестерінің мөлшері туралы мәліметтер	Жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы, ұйымдар және тұлғалар туралы мәліметтер	Ж е р қойнауын пайдалану құқығына қатысты тіркелген ауыртпалық туралы	Ж е р қойнауын пайдалануға арналған лицензияға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер ( енгізілген өзгерістердің негізі мен сипаттамасы , өзгерістер енгізілген күні)	Ж е р қойнауын пайдалануға арналған лицензияларға енгізілген түзетулер туралы мәліметтер ( түзетулер сипаттамасы)	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялардың қолданылуын тоқтау немесе жарамсыздығы туралы мәліметтер
8	9	10	11	12	13	14	15